

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КӘСІПОРНЫН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ:
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ****FINANCIAL SUPPORT FOR AGRICULTURAL ENTERPRISE:
INDICATORS AND PERFORMANCE RESULTS****ФИНАНСОВАЯ ПОДДЕРЖКА СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ:
ПОКАЗАТЕЛИ И РЕЗУЛЬТАТЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ****Г.Б. УТИБАЕВА ****э.ф.к., қауымдастырылған профессор**С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана, Қазақстан***автордың электрондық поштасы: gulzhan_79@mail.ru***G.B. UTIBAYEVA ****C.E.Sc., Associate Professor**S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Kazakhstan***corresponding author e-mail: gulzhan79@mail.ru***Г.Б. УТИБАЕВА ****к.э.н., ассоциированный профессор**Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллиной,
Астана, Казахстан***электронная почта автора: gulzhan79@mail.ru*

Аңдатпа. *Мақсаты* – мемлекеттік қаржылық қолдау көлеміне байланысты ауыл шаруашылығы кәсіпорнының өндірістік қызметінің нәтижелерін, түпкілікті қаржылық көрсеткіштерін және тұтастай алғанда оның қаржылық жағдайын бағалау. *Әдістері* – экономикалық субъектінің экономикалық белсенділігі динамикасының есептік деңгейлерін салыстыру, дерексіз-логикалық, жалпылау. *Нәтижелері* – агроқұрылымдарды бюджет қаражатымен қамтамасыз етудің қалыптасқан тетігінің жай-күйі талданған. Олардың мақсаттары, стратегиясы және бәсекеге қабілеттілігі туралы мәліметтерді пайдалану негізінде мемлекеттің қаржылық көмегін алу үрдістері қаралған. Талданатын объектіде соңғы бес жылда өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өндіру параметрлері зерттелді, осы кезеңде алынған қаржыландыру көлемі белгіленді, оның мөлшері жылдар бойынша тұрақты емес, субсидиялау мөлшерінің өсуі мен өндірілген өнім көлемінің артуы арасындағы тікелей байланыс негізделген. Негізінен өсімдік шаруашылығы саласына бағытталған қаржылық инвестициялардың ұсынылатын мөлшерінің біржақты сипаты байқалады. Автор өндірістік көрсеткіштердің төмендеуіне қарамастан, агрофирманың қаржылық жағдайын жақсартуға ықпал ететін жалпы және таза пайданың айтарлықтай өсуі бар екенін айтады. *Қорытындылар* – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қаржылық қолдау көрсету жүйесін жетілдіру шаралары ретінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына басым бағыттар бойынша, бірінші кезекте мал шаруашылығы азық-түлік өнімдерін шығаруға мемлекеттік инвестицияларды арттыру, сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелерді төмендету; мал шаруашылығы бағытын дамытуға кредиттер беруді көздеу орынды. Агроөнеркәсіптің орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік реттеу мен өзін-өзі бақылаудың үйлесіміне, теңгерімді баға және қаржы-кредит саясатын жүргізуге негізделген пәрменді экономикалық құрал қажет.

Annotation. *The goal* is to assess the results of production activities of agricultural enterprise, final financial indicators and its overall financial condition, depending on the volume of state financial support. *Methods* – comparison of calculated levels of dynamics of economic activity of an economic entity, abstract-logical, generalizations. *Results* - the state of the existing mechanism for providing budgetary funds to agricultural formations is analyzed. The trends in receiving financial assistance from the state are considered based on the use of information about their goals, strategy and competitiveness. The parameters of production of crop and livestock products at the analyzed facility over the past five years have been studied; for the same period, the volumes of funding received have

қолданылады. Мысал ретінде «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ сияқты қаржы институтын атауға болады. Бұл корпорация кредиттік серіктестіктер арқылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жеңілдетілген несиелер мен займдар түрінде бюджет қаражатын береді, яғни осылайша мемлекеттік қаржылық қолдау көрсетеді [6].

Дегенмен, қазіргі уақытта ауыл шаруашылық шикізаттарды қайта өңдеуге арналған қымбат жабдықтар мен жаңа ауыл шаруашылық техниканы сатып алу үшін қажетті ұзақ мерзімді несиелермен қамтамасыз етуде әлі де белгілі мәселелер орын алады. Сонымен қатар, ұсынылатын қаржылық көмек негізінен өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруге бағытталады және де олардың көлемі кәсіпорынның өндірістік қызметінің нәтижелерімен айтарлықтай толық байланысты емес. Сондай-ақ қаржылық қолдау түрінде берілген қаражаттар мен оларды пайдаланған субъектілердің нәтижелік көрсеткіштері арасында айтарлықтай байланыс байқалмайды.

Зерттеу материалы мен әдістері.

Зерттеу жүргізу кезінде біз басқа да негізгі нысандармен қатар ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына қаржылық көмек және жеңілдікпен кредиттеу сияқты нысандарды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын Қазақстан экономикасының аграрлық секторын мемлекеттік қаржылық қолдаудың қолданыстағы жүйесіне негізделдік.

Зерттеу әдіснама негізін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді де, мемлекеттік қаржылық қолдау көлемін де сипаттайтын динамикалық көрсеткіштерді есептеу және салыстыру әдістерін қолдану құрады. Мақалада қойылған міндеттерді шешу үшін біз салыстырмалы талдау әдістерін қолданып, нәтижелерін кестелік түрде ұсындық.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының алынған қаржылық қаражаттары мен олардың жалпы өнімі көлемдерінің жағдайы мен өзара байланысын зерделеу кезінде біз оларды салыстырмалы бағалау үшін экономикалық-статистикалық әдістері негізінде динамика және салыстыру әдістерін, абстракты-логикалық әдісті, қаржылық есептілік көрсеткіштерін қаржылық талдау әдістері мен алынған нәтижелерді жалпылау әдістемесін қолдандық.

«Ақтық» АҚ-ның 2017-2021 жылдардағы есептілігінің деректері осы зерттеудің бастапқы материалы ретінде пайдаланылды. Олар өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру, сату жөніндегі басқарушылық есептің деректері. Ал қаржылық жағдайды бағалау және тал-

дау үшін қаржылық есептіліктің көрсеткіштері пайдаланды [7].

Нәтижелер және оларды талқылау.

Бюджеттік қаржыландыру, ауыл шаруашылығы саласын несиелеу және бюджеттік бағдарламалардың тиімділігінің мәселелері шетелдік және отандық зерттеушілердің монографиялық және мерзімді әдебиеттерінде кеңінен қамтылған екені мәлім. Сондай-ақ ресейлік және отандық ғалымдардың еңбектерінде қаржыландырудың теориялық және әдіснамалық аспектілері қарастырылған.

Әдебиеттік шолу нәтижесінде келесідей жалпы қорытындыны айтуға болады – ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламалардың барлығының бюджеттік қаражаттар арқылы қаржылық қолдауы болуы тиіс.

Бірақта, осы саладағы ғылыми жұмыстардың көптігіне қарамастан, әртүрлі инструменттерді қолдану арқылы ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылық қолдаудың тиімділігінің кейбір мәселелері жеткілікті зерттелмеген. Демек, бюджеттік мақсатты бағдарламалардың орындалуын тиімді және барабар бағалау сауалдары өзекті ғылыми мәселе болып табылады. Себебі түрлі мемлекеттік бюджеттік бағдарламалар арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржылық қолдаудың негізгі нысандары мен бағыттарын іске асыру ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді едәуір ұлғайтуға және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сол себептен, қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасында аграрлық секторды мемлекеттік қолдаудың тиімділігін қамтамасыз ету мәселесі өзекті және жүйелі шешуді талап етеді. Кейбір белгілі ғалымдар аграрлық шаруашылықты мемлекеттік қолдаудың мағнасы ауыл шаруашылығы саласының экономикалық өсуін және АӨК жүйесінде баламалы салааралық алмасуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға бағытталған мемлекеттің экономикалық ықпалының әдістері мен нысандарының жиынтығында жатқаны жөнінде пікірлерін білдіреді [8].

Ал басқа авторлар мемлекеттік қолдау жүйесі деп «халық-шаруашылық кешені шеңберінде тепе-теңдік қатынастарды құру мен қамтамасыз етудің қаржылық-экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық шараларының жиынтығын» түсінеді [қараңыз 2,3].

Сондай-ақ, АӨК-нін инвестициялық мәселесінің әлсіз зерделенгенін атап өткен жөн, себебі отандық ғалымдар бұл бағытта зерттеулер нақты жүргізілмеген, өйткені Қазақстанда инвестициялық бағдарламасы тек 2014 жылдан іске асырыла басталды.

Ұлттық экономиканың стратегиялық аграрлық саласын мемлекеттік қолдаудың рөлің күшейтпей Қазақстан экономикасының осы сектор бойынша тұрақты дамуы мүмкін емес [9,10]. Ауыл шаруашылық өндірісі тұрақсыздандырушы факторлардың барлық түрлерінің теріс әсеріне ең сезімтал екенін теория мен практика дәлелдейді [11,12]. Осыған байланысты республикалық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының ауыл шаруашылығы саласын дамытуға реттеушілік ықпалының күшжігері объективті қажеттілікке айналады.

Осылайша, белгілі бір мақсаттарға жету үшін ауыл шаруашылығын дамытуға экономикалық әсер етудің әртүрлі құралдары мен нысандарының жиынтығы болып табылатын мемлекеттік реттеудің ажырамас бөлігі ретінде аграрлық секторды мемлекеттік қолдауды қарастыру қажет.

Әрине, ақырғы жылдары бұл бағытта мемлекет тарапынан едәуір ұсыныстар жасалып, шешімдер қабылданды. Мысалы, 2023 жылдан бастап несиелеу бойынша өтінімдерді онлайн-қабылдау жүйесін енгізу басталды. Ол үшін AGRONESIE.KZ сайтта жылдық 6% мөлшерлеме бойынша 5 млн теңгеге дейінгі сомаға несиелеу алуға онлайн өтінім беру қарастырылған. Бұл жүйенің артықшылығы – түскен өтінім бойынша алдын ала шешімді тез қабылдануы және бір жұмыс күні ішінде займ шарты жасалуы болып табылады. Осы жүйеге сәйкес арзан жанар-жағар майларды тарату үшін жаңашылық gosagro.kz жүйесінде де пайда болды. Сонымен бірге, автоматтандырылған процесс «Қазғарыш» деректері

негізінде егін-егіс карталарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тағы бір оңынан бағаланатын сәт ретінде несиелерді өтеу мерзімі өзгертілгенін атап өтуге болады. Бұрын ауыл шаруашылық тауар өндірушілері алған қарыздарын «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-ға 1 желтоқсанға дейін қайтаруға тиіс болатын. Ал қазір ол мерзім келесі жылдың 1 сәуіріне дейін ұзартылды. Бұл өзгерісті өте маңызды деп есептеуге болады. Іс жүзінде, мысалы, ауыл шаруашылық тауар өндірушілері жинап алған астықтарын ала сала тез сатуға мәжбүр болатын. Мұндай жағдай ішкі астық нарығында қысым тудыратын, бағаның және бизнес табыстылығының төмендеуіне әкелетін. Енді ауыл шаруашылық тауар өндірушілері өз өнімдерін кейінірек баға қолайлы болған кезде сатуға мүмкіншілік алды.

Жоғарыда айтылған қаржылық қолдаудың әдістемелерін пайдалану нәтижелерін бағалауды нақты кәсіпорын мысалында қарастырайық. Атап айтқанда, ол – "Аграрлық фирма «Ақтық» АҚ атты ауыл шаруашылық кәсіпорны. Бұл кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауды, ең алдымен, оның өндірістік іс-әрекетінің нәтижесін талдаудан бастайық. Кәсіпорын жалпы өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруге мамандандырылған – оның үлесіне ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудан түскен барлық кірістің орта есеппен 75%-ы тиесілі.

"Аграрлық фирма "Ақтық" АҚ 2017-2021 жылдар аралығындағы өндірістік және қаржылық қызметтерінің нәтижелері 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте – "Аграрлық фирма "Ақтық" өндірістік және қаржылық іс-әрекетінің нәтижелері

Көрсеткіштер	2017ж.	2018ж.	2019ж.	2020ж.	2021ж.	Орташа жылдық өзгеруі, %
Дәнді дақылдардың өнімділігі, ц/га	9,46	13,52	11,2	18,04	15,68	113,4
Егіс алқабы, га	23 870	20 098	22 070	22 070	22 300	98,3
Жалпы өнім көлемі, т	22 575	27 181	23 135	39 825	34 970	111,5
1 т астықтың өзіндік құны, теңге	38 347	33 376	48 992	41 232	55 766	109,8
1 т астықтың сату бағасы, теңге	42 232	40 870	54 360	66 100	92 200	121,2
Астық сатудан түскен пайда, мың теңге	709 470	1 163 844	1 374 741	2 168 079	2 619 337	138,4
Мал басының саны, бас	936	1 002	1022	978	1 266	107,8
Малдың қосымша салмағы, ц	922	868	729	733	796	96,3
1 ц қосымша салмақтың өзіндік құны, теңге	83 510	54 078	39 277	51 849	101 012	104,8
1 ц қосымша салмақтың сату бағасы, теңге	70 000	72 800	83 600	87 500	92 100	107,1
Мал өнімін сатудан түскен пайда, мың тг.	56 292	28 627	34 790	53 007	42 696	93,3
Ескертпе: [қараңыз 7] дереккөздің негізінде автормен құрастырылған						

1 кестенің мәліметтері соңғы бес жылда «Аграрлық фирма «Ақтық» АҚ-да дәнді дақылдардың жалпы жиналуы орта есеппен 29,5 мың тоннаны құрағанын және оның ең үлкен мөлшеріне 2020 жылы 39,8 мың тоннадан астам көлемде қол жеткізілгенін көрсетеді. Бұған дәнді дақылдардың жеткілікті жоғары өнімділігі ықпал етті, ол сол жылы гектарына 18,04 центнерге жеткен. Бұл ретте егіс алқабы жылдар бойынша іс жүзінде өзгермеген және 22-23 мың га шегінде болған.

Сонымен қатар, дәнді дақылдардың сату бағасының динамикада тұрақты өскенін байқауға болады. Мәселен, олардың бағасы орта есеппен алғанда жыл сайын 21,2% артып отырған. Сондай динамика дәнді дақылдардың өзіндік құнының да өзгерісінде байқалады, бірақта оның өсу қарқыны бағаның өсу қарқынынан едәуір төмен болды (орташа жылдық арту қарқыны 9,8% құраған).

Өзіндік құнының өсу қарқынымен салыстырғанда сату бағасының осындай озық өсу қарқынының нәтижесінде дәнді дақылдарды сатудан алынған пайда да жыл сайын өсу үрдісіне ие. Егер 2017 жылы астық сатудан түскен пайда мөлшері 70 9470 мың теңгеге құраса, 2021 жылы ол 2 619 337 мың теңгеге дейін немесе 3,6 еседен астам ұлғайған. Пайданың мұндай елеулі өсуі тек бір фактордың әсеріне, яғни дәнді дақылдарды сату бағасының өсуіне ғана байланысты. Себебі олардың 2021 жылы жалпы жинау көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 12,2%-ға төмендеген, ал дәнді дақылдардың егіс алқабында айтарлықтай өзгеріс орын алмаған.

Ал мал шаруашылығы саласында кәсіпорынның өсімдік шаруашылығы саласындағыдай әсерлі нәтижелері байқалмайды. Соған қарамастан, талданып отырған кезеңде мал басының саны өсу үрдісіне ие. Олардың саны орташа есеппен алғанда жыл сайын

7,8%-ға артып отырған. Алайда, динамикада малдың тірі салмағының төмендеуі байқалады (жыл сайын орта есеппен 3,7%-ға).

Сонымен қатар, кәсіпорын мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге айтарлықтай үлкен шығындар жұмсайды. Мәселен, 2021 жылы 2017 жылмен салыстырғанда қосымша салмақтың 1 ц өзіндік құны 83 510 теңгеден 101 012 теңгеге дейін немесе 21%-ға өскен. Өзіндік құнның одан да жоғары өсуі 2021 жылы қалыптасқан – 2020 жылға қарағанда сол жылы 94,8%-ға өскен.

Бұл ретте талданып отырған кезеңде малдың тірі салмағының 1 ц сату бағасының орташа жылдық өсу қарқыны 107,1% құраған. Бірақ, 1 кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, 2021 жылы бағаның өсу үрдісі сақталған, ал өзіндік құны 2 есеге жуық өскен!

Демек, мал шаруашылығы өнімдерін сатудан түскен пайда дәнді дақылдарды сатудан алынған пайда көлемімен салыстырғанда жылдар бойынша шамалы болған. Егер дәнді дақылдарды сатудан алынған пайда орта есеппен жыл сайын 38,4%-ға артып отырса, мал шаруашылығы өнімдерін сатудан түскен пайда көлемі кері 6,7%-ға төмендеген. Пайданың осындай төмендеуіне тек мал өнімділігінің өте төмен деңгейі әсер еткен. Мәселен, орта есеппен есептегенде малдың қосымша салмағы жыл сайын 3,7%-ға төмендеп отырған.

Өсімдік шаруашылығы саласында қол жеткізілген жоғары өндірістік көрсеткіштерді жыл сайын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына (ішінде «Аграрлық фирма «Ақтық» АҚ да бар) мемлекет көрсететін нақты қаржылық қолдаумен түсіндіруге болады деп санаймыз.

Ал қарастырылып отырған кәсіпорынның мемлекеттік тарапынан көрсетілген қаржылық қолдаудың түрлері мен көлемдері 2 кестеде келтірілген.

2 кесте – «Аграрлық фирма «Ақтық» АҚ мемлекеттік қаржылық қолдаудың түрлері мен көлемдері, млн теңге

Көрсеткіштер	2017ж.	2018ж.	2019ж.	2020ж.	2021ж.	2021ж. %-бен 2017ж.	2021ж. %-бен 2020ж.
Субсидиялар, барлығы,	79	49	65	128	78	98,7	60,9
оның ішінде:							
өсімдік өнімдерін өндіруге	79	49	65	128	78	98,7	60,9
мал өнімдерін өндіруге	-	-	-	-	-	-	-
Несиелер, барлығы,	1 065	1 054	123	684	514	48,3	75,1
оның ішінде:							
өсімдік өнімдерін өндіруге	1 065	1 054	123	684	514	48,3	75,1
мал өнімдерін өндіруге	-	-	-	-	-	-	-
Ұзақ мерзімді несиелер	217	632	20	138	107	49,3	77,5
Қысқа мерзімді несиелер	848	422	123	546	407	48,0	74,5
Ескертпе: [қараңыз 7] дереккөздің негізінде автормен құрастырылған							

2 кестенің мәліметтері «Аграрлық фирма «Ақтық» АҚ мемлекет тарапынан өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруге берілетін қаржылық көмек (субсидиялар) түрінде және «Целиноград» кредиттік серіктестігі кәсіпорынға бөлетін жеңілдікті қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кредиттер түрінде қолдау көрсетілетінін көрсетеді. Алайда мұндай қаржылық қолдау мөлшері жылдар бойынша тұрақсыз болды және 49 млн теңгеден 128 млн теңгеге дейін ауытқып отырған.

2020 жылы кәсіпорын өсімдік шаруашылығы саласындағы ең жоғары өндірістік көрсеткіштерді және дәнді дақылдарды сатудан ең көп пайда алғанын кездейсоқ емес екенін атап өткен жөн. Ал 2021 жылы мемлекеттік қаржылық қолдау мөлшері 2020 жылмен салыстырғанда 128 млн теңгеден 78 млн теңгеге дейін немесе 39,1%-ға төмендеген.

Қаржылық қолдаудың мұндай төмендеуі, біздің ойымызша, өткен жылмен салыстырғанда 4 855 тонна немесе жалпы астық жинаудың 12,2%-ы алынбай қалғанына әкелді. Және де дәнді дақылдар өндірісінің төмендеуі олардың өзіндік құнының өсуіне әкелді. Егер 2020 жылы 1 тоннаның өзіндік құны 41 232 теңгеге тең болса, 2021 жылы 35,2%-ға ұлғайып, 55 766 теңгені құраған.

Осы 2 кестенің мәліметтері «Аграрлық фирма «Ақтық» АҚ-да ауыл шаруашылығы өндірісін кредиттеу деңгейінің динамикада төмендегенін көрсетеді. Мысалы, кәсіпорынның қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді несиелерінің мөлшері 2017 жылғы 1 065 млн теңгеден 2021 жылы 514 млн теңгеге немесе 51,7%-ға қысқарған.

Бұл ретте қысқа мерзімді несиелердің үлесі 79,6% құрайды, ал қалған 20,4% – ұзақ мерзімді несиелер. Ал кез келген ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, ішіне «Аграрлық фирма «Ақтық» АҚ да кіреді, мемлекеттік

қаржылық қолдау сияқты ұзақ мерзімді несиелерге аса мұқтаж екені бәрімізге мәлім.

Тағы бір айтып кететін жайт – ол барлық жеңілдікті қысқа мерзімді несиелер, сондай-ақ ұзақ мерзімді несиелер осы кәсіпорынға тек өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруге берілгені. Бұл ретте, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге соңғы бес жылда «Аграрлық фирма «Ақтық» АҚ-ға қаржылық қолдау да берілмеген, кредиттер де бөлінбеген. Ал оларға кәсіпорын аса мұқтаж.

Тек осы жағдаймен ғана осы саланың өндірістік көрсеткіштерінің төмендеуін түсіндіруге болады деп ойлаймыз. Мысалы, 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда мал шаруашылығы өнімдерін сатудан түскен пайда 53 007 мың теңгеден 42 696 мың теңгеге дейін немесе 19,5%-ға төмендеген (1 кесте).

Мұндай жағдай Ақмола облысының ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының көпшілігіне тән. Дегенмен, жалпы алғанда, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржылық қолдау және жеңілдікті кредиттер түрінде мемлекеттік қаржылық қолдау ауыл шаруашылығының кез келген саласында өндіріс көлемін ұлғайтуды өз мақсатына қояды ғой [қараңыз 11].

Берілген субсидиялар мен кредиттер кәсіпорындарды көктемгі және күзгі егіс жұмыстары кезеңінде, тұқым материалдары мен аналық мал басын жаңартуды қамтамасыз етуге тиіс. Басқаша айтқанда, осы факторлардың барлығы динамикадағы негізгі өндірістік көрсеткіштердің өсуіне ықпал етуі керек.

Алайда, қалыптасқан тәжірибе көрсетіп отырғандай, нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемінің өсуі байқалмайды, керісінше кез келген кәсіпорын, оның ішінде «Аграрлық фирма «Ақтық» АҚ іс-әрекетінің түпкілікті қаржылық нәтижелерінің артуына алып келеді. Мұны 3 кестеде келтірілген мәліметтерден көруге болады.

3 кесте – «Аграрлық фирма «Ақтық» АҚ кірістері мен шығындары, мың теңге

Көрсеткіштер	2017ж.	2018ж.	2019ж.	2020ж.	2021ж.	2021ж. %-бен	
						2017ж.	2020ж.
Кірістер, барлығы	1 028 387	1 491 756	1 970 867	2 712 149	3 098 676	3 есе	114,3
о.і. өнім сатудан түскен түсім	931 991	1 370 525	1 769 289	2 472 794	2 893 937	3,1 есе	117,0
Түсімнің үлес салмағы, %	90,63	91,87	89,77	91,17	93,39	-	-
Шығындар, барлығы	968 630	1 409 579	1 902 460	1 875 415	2 168 094	2,2 есе	115,6
о.і. сатылған өнімнің өзіндік құны	717 924	1 115 547	1 558 414	1 569 962	1 844 766	2,6 есе	117,5
Өзіндік құнның үлес салмағы, %	74,12	79,14	81,92	83,71	85,09	-	-
Жалпы пайда	214 067	254 978	210 875	902 832	1 049 171	4,9 есе	116,2
Таза пайда	59 777	82 177	68 407	836 734	930 582	15,6 есе	111,2

Ескертпе: [қараңыз 7] дереккөздің негізінде автормен құрастырылған

3 кестенің мәліметтері бойынша 2017 жылдан 2021 жылға дейін кірістер мен шығындардың барлық көрсеткіштерінің өсу үрдісін байқауға болады – кірістер 3 есе өскен, шығындардың өсу қарқыны біршама төмен болды – 2,2 есеге өскен. Сол себептен жалпы пайда 4,9 есеге, ал таза пайда 15,5 еседен астам өскендерін байқаймыз.

Сонымен қатар, барлық кірістердің 90%-дан сәл астамын құрайтын ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудан түскен түсім көлемінің өсуі, сондай-ақ жалпы және таза пайданың өсуі негізінен баға факторының әсерінен болғанын нақты атап өту керек. Бұл арада 1 кестенің мәліметтері негізінде дәнді дақылдардың сату бағасының күрт өсуін әсіресе соңғы жылдарғы, дәлел ретінде келтіруге болады. Мысалы, егер 3 кестеде келтірілген 2021 жылғы көрсеткіштерді 2020 жылғы көрсеткіштермен салыстыратын болсақ, онда олардың 14-17% аралығында өскенін байқаймыз.

Мұндай жағдай біршама ерекше болады, егер 1 кестедегі көрсеткіштерді алдыңғы жылдардың өзгерістерімен салыстырсақ. Мәселен, егер 2018 жылдың мәлі-

меттерін 2017 жылдың мәліметтерімен салыстырсақ, онда бағаның 3,3%-ға төмендегенін, ал 2019 жылы ол, керісінше, 33%-ға, 2020 жылы 21,6%-ға және 2021 жылы 39,5%-ға өскенін көреміз.

Сонымен бірге, бұл арада 1 тонна дәнді дақылдардың өзіндік құны тұрақсыз екені байқалады. Ол 2018 жылы сату бағасы сияқты 13%-ға төмендеген, 2019 жылы, керісінше, 46,8%-ға өскен, 2020 жылы тағы да 15,9%-ға төмендеген, ал 2021 жылы оның деңгейі керісінше 35,2%-ға өскен. Әрине, өзіндік құнның өзгеруі көбінесе өндірілген өнім көлемінің өзгерісіне байланысты, бірақта, сонымен қатар, ұсынылатын қаржылық қолдау көлемі мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге жұмсалатын шығындар арасында өзара байланыс орын алуында күмәніміз жоқ.

Сондықтан, өндірістік көрсеткіштердің төмендеуіне қарамастан, жалпы және таза пайда көлемінің айтарлықтай өсуі, мысалы, «Аграрлық фирма «Ақтық» АҚ-ның қаржылық жағдайының жақсаруына ықпал етті (4 кесте).

4 кесте – Аграрлық фирма «Ақтық» АҚ қаржылық жағдайының көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2017ж.	2018ж.	2019ж.	2020ж.	2021ж.
Қаржылық тәуелсіздік коэффициенті	0,26	0,25	0,29	0,52	0,93
Қаржылық тәуелділік коэффициенті	0,74	0,75	0,71	0,48	0,07
Қаржыландыру коэффициенті	0,35	0,34	0,41	1,10	14,04
Заемдық және меншікті құралдар арақатынасының коэффициенті	2,85	2,95	2,44	0,91	0,07
Меншікті айналыстағы капитал, млн теңге	-1078	-902	-887	-124	-265

Ескертпе: [қараңыз 7] дереккөздің негізінде автормен құрастырылған

4 кестеде келтірілген мәліметтерден 2020 жылға дейін қаржылық жағдайдың деңгейін сипаттайтын барлық көрсеткіштер өте төмен болғанын байқауға болады. Мысалы, қаржылық жағынан кәсіпорын 70%-дан астамы сыртқы қаржыландыру көздеріне тәуелді болды. Керісінше, соңғы екі жылда кәсіпорын тек алынған пайда есебінен жоғары қаржылық тұрақтылыққа ие болды, бұл кәсіпорынның меншікті капиталын ұлғайтуға ықпал етті. Табыс пен пайданың өсуіне бір ғана фактор әсер етті – бұл ауыл шаруашылық өнімдерін сату бағасы.

Қорытынды.

1. Алдымен осы мақалада көтерілген мәселелерге қатысты өз пікірімізді білдіреміз. Ең алдымен, жоғарыда қарастырылған мемлекеттік қаржылық қолдау мәселелері жаңа емес, олар бәріне белгілі және жылдан-жылға мерзімді баспасөз беттерінде ғалымдар мен мамандар талқылайды [13,14]. Екіншіден, бұл мәселелер бүгінгі күнге дейін өзекті болып келеді [15]. Әрине,

алдыңғы уақытта мемлекеттік қаржылық көмек көрсету және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау бағыттары мен тәсілдерін жетілдіруге байланысты бірқатар шаралар қабылданды.

2. «Аграрлық фирма «Ақтық» АҚ ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бірінің өндірістік қызметіне, осы кәсіпорын алатын мемлекеттік қаржылық қолдаудың түрлері мен көлеміне, оларды пайдалану нәтижелеріне және қаржылық жай-күйінің көрсеткіштеріне жүргізілген зерттеу аталған көрсеткіштер арасындағы белгілі бір өзара байланыстың орын алатынын және тұтастай алғанда, мұндай байланыстың болуы ауыл шаруашылығы кәсіпорындары қызметінің қаржылық нәтижелеріне оң әсер ететінін айтуға мүмкіндік береді. Осындай түйінді жүргізілген талдау нәтижелері дәлелдейді.

Мысалы, 2020 жылы берілген мемлекеттік субсидиялар мен кәсіпорын алған қарағанда ең жоғары болған кезде, бұл кәсіпорын ең жоғары өндірістік және қаржы-

лық нәтижелерге қол жеткізді. Керісінше, берілген қаржылық қолдаудың қысқаруы талдау жасап отырған кәсіпорын қызметінің өндірістік көрсеткіштерінің төмендеуіне әкеледі.

3. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қаржылық көмек ретінде субсидиялар және жеңілдікті несиелер түрінде көрсету тетігін жетілдіру жөніндегі шараларға қатысты, біздің ойымызша, бірінші кезекте мал шаруашылығы өнімін өндіруге басым бағыты бар ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына берілетін мемлекеттік субсидиялар мөлшерін кемінде 2 есе ұлғайту орынды болып көрінеді.

4. Несиелендіруге өтінімдерді онлайн-қабылдау жүйесі бойынша берілетін жеңілдікті несиелерге қатысты шалғай өңірлердегі көптеген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің интернетке қалыпты қолжетімділігі жоқ екенін, бұл бағдарламаның өзімен таныс емес екенін және онымен қалай жұмыс істеу керектігін, ал консалтингтік фирмаларға жүгіну қосымша шығындарды талап етеді, сонымен қатар көптеген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің, өкінішке орай, бүгінде цифрланған егін-егіс картасы мен кадастрлық кодтары жоқ екенін ескерген жөн.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы, егер мемлекет тарапынан жеткілікті барабар экономикалық саясаты әзірлеген жағдайда жүзеге асады.

Әдебиеттер тізімі

[1] Государственная программа развития АПК РК на 2017-2021 гг. – 2017. -[Электронный ресурс].- 2017.- URL: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000423> (дата обращения 30.06.2023).

[2] Тажибаева, Р.М. Государственная поддержка аграрного сектора Казахстана / Р.М. Тажибаева // Проблемы агрорынка. – 2021. - №1. – С.44-49.

[3] Рахметова, А. Финансово-кредитный и инновационный секторы экономики: оценка макроэкономических эффектов регулирования и взаимодействия секторов / А. Рахметова, Г. Калкабаева, А. Курманалина, Г. Серикова, Б. Аймурзина // Проблемы предпринимательства и устойчивого развития по ссылке инвайд. - 2020. - 8(1). -С.1224–1237.

[4] Сигарев, М.И. Кредитование сельскохозяйственного производства в Казахстане / М.И. Сигарев, Ш.М. Кантарбаева, З.З. Мейманкулова, Г.Я. Шахова, Д.Е. Ахмешова //Life Science Journal. - 2014. - 11(9). -С. 299–302.

[5] Кантарбаева, Ш.М. Возможности скоринга при субсидировании сельхозтоваропроизводителей Республики Казахстан / Ш.М. Кантарбаева, А.Б. Тлесова // Проблемы агрорынка. – 2019. - №1. – С.84-90.

[6] Утибаева, Г.Б. Эффективность деятельности кредитных товариществ и кредитруемых сельхозтоваропроизводителей / Г.Б. Утибаева, Б.С. Утибаев, Р.М. Жунусова, Д.Т. Ахметова // Вестник науки КазАТУ им. С. Сейфуллина. – 2019. - №3 (102). – С.159-167.

[7] Бухгалтерская (финансовая отчетность) АО "Агрофирма "Актык" за 2017-2021 годы [Электронный ресурс].-2022. - URL: <https://www.eldala.kz/dannye/kompanii/14075-agrofirma-aktyk> (дата обращения 30.02.2023).

[8] Sigarev, M.I. Mechanism of state support for agricultural production in the countries of the common economic space / M.I. Sigarev, Zh.M. Nurkuzhaev, R.O. Nurgaliev, L.T. Alshembaeva // Biosciences Biotechnology Research Asia. - 2015, №12(2). -P.1287–1296.

[9] Akhmetova, K. State regulation of agricultural sector of Kazakhstan / K. Akhmetova, A. Terzhanova, A. Akhmetova // Problems of AgriMarket. - 2020.-N. 3.- P. 60–66.

[10] Staniszewski, J. The impact of the subsidies on efficiency of different sized farms. Case study of the Common Agricultural Policy of the European Union / J. Staniszewski, M. Borychowski // Agricultural Economics. - 2020.-N. 66.-P. 373–380.

[11] Niyetalina, G.K. Foreign experience of government regulation of agriculture/ G.K. Niyetalina//Bulletin of Turan University.-2020.-N2.-P.80-87.

[12] Agricultural Policy Monitoring and Evaluation 2021: Addressing the Challenges Facing Food Systems [Electronic resource]. - 2021. - URL: <https://www.oecd-ilibrary.org/sites/6d3f3654-en/index.html?itemId=/content/component/6d3f3654-en> (date of access: 30.06.2023).

[13] Zoria, O., Zoria S., Salohub I. Formation of organizational and economic mechanism of state regulation of agricultural lending system: Market Infrastructure. 2020 [Electronic resource]. - 2020. - URL: https://www.research-gate.net/publication/340867256_FORMATION_OF_ORGANIZATIONAL_AND_ECONOMIC_MECHANISM_OF_STATE_REGULATION_OF_AGRICULTURAL_LENDING_SYSTEM (date of access: 30.06.2023) <https://doi.org/10.32843/infrastruct40-14>

[14] Lukhmanova, G. Innovative development of the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan / G. Lukhmanova, K. Baisholova, N. Shiganbayeva // Revista Espacios. -2019. -N 32. - P. 6-15.

[15] Tokbergenova, A. Sustainable Development Agriculture in the Republic of Kazakhstan / A. Tokbergenova, L. Kiyassova, S. Kairova // Polish Journal of Environmental Studies. - 2018.-Vol. 27.-N5.-P.1923-1933.

References

[1] Gosudarstvennaja programma razvitija APK RK na 2017-2021 gg. [State program for the development of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021] (2017). Available at: <http://www.adilet.zan.kz/>

rus/docs/P1800000423 (date of access: 30.06.2023) [in Russian].

[2] Tazhibayeva, R.M. (2021). Gosudarstvennaya podderzhka agrarnogo sektora Kazakhstana [State support of the agrarian sector of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 1, 44-49 [in Russian].

[3] Rakhmetova, A., Kalkabayeva, G., Kurmanalina, A., Serikova, G., Aimurzina, B. (2020). Finansovo-kreditnyj i innovacionnyj sektory jekonomiki: ocenka makroekonomicheskikh jeffektov regulirovaniya i vzaimodejstvija sektorov [Financial, credit and innovation sectors of the economy: assessment of macroeconomic effects of regulation and interaction of sectors]. *Problemy predprinimatel'stva i ustojchivogo razvitija - Problems of entrepreneurship and sustainable development by reference invalid*, 8(1), 1224–001237 [in Russian].

[4] Sigarev, M.I., Kantarbayeva, S.M., Meymankulova, Z.Z., Shakhova, G.Y. Akhmeshova, D.E. (2014). Kreditovanie sel'skohozjajstvennogo proizvodstva v Kazakhstane [Lending to agricultural production in Kazakhstan]. *Life Science Journal link unavailable*, 11(9th special issue), 299–302, 62 [in Russian].

[5] Kantarbayeva, Sh.M. (2019). Vozmozhnosti skoringa pri subsidirovanii sel'hoztovaro-proizvoditelej Respubliki Kazahstan [Possibilities of scoring when subsidizing agricultural producers of the Republic of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 1, 84-90 [in Russian].

[6] Utibayeva, G.B., Utibayev, B.S., Zhunusova, R.M., Akhmetova, D.T. (2019). Jeffektivnost' dejatel'nosti kreditnyh tovarishhestv i kredituemyh sel'hoztovaro-proizvoditelej [Efficiency of activity of credit partnerships and credited agricultural producers] *Vestnik nauki Kaz ATU im. S. Seifullin - Bulletin of Science of Kaz ATU named after S. Seifullin*, 3 (102), 159-167 [in Russian].

[7] Buhgalterskaja (finansovaja otchetnost') AO «Aktyk» za 2017-2021gody [Accounting (financial statements) of Aktyk JSC for 2017-2021] [in Russian].

[8] Sigarev, M.I., Nurkuzhayev, Z.M., Nurgaliyeva, R.O., Alshembayeva, L.T. [2015]. The mechanism of state support for agricultural production in the countries of the single economic space. *Biosciences Biotechnology Research Asia*, 12(2), 1287–1296 [in Russian].

[9] Staniszewski, J., Borychowski, M. (2020). The impact of the subsidies on efficiency of different sized farms. Case study of the Common Agricultural Policy of the European Union. *Agricultural Economics*, 66, 373–380.

[10] Akhmetova, K., Terzhanova, A., Akhmetova, A. (2020). State regulation of agricultural sector of Kazakhstan. *Problems of AgriMarket*, 3, 60–66.

[11] Niyetalina, G.K. (2020). Foreign experience of government regulation of agriculture. *Bulletin of Turan University*, 2, 80–87.

[12] Agricultural Policy Monitoring and Evaluation 2021: Addressing the Challenges Facing Food Systems. Available at: <https://www.oecd-ilibrary.org/sites/6d3f3654-en/index.html?itemId=/content/component/6d3f3654-en> (date of the access: 29.11.2022).

[13] Zoria, O., Zoria, S., Salohub, I. (2020). Formation of organizational and economic mechanism of state regulation of agricultural lending system: Market Infrastructure.

[14] Lukhmanova, G., Baisholova, K., Shiganbayeva N. (2019). Innovative development of the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan. *Revista Espacios*, 40(32), 6.

[15] Tokbergenova, A. (2018). Sustainable Development Agriculture in the Republic of Kazakhstan. *Polish Journal of Environmental Studies*, 27, (5), 1923-1938.

Авторлар туралы ақпарат:

Утибаева Гүлжан Бегендіқызы - негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты; қауымдастырылған профессор; «Есеп және қаржы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры; С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті; 010011 Жеңіс даңғ., 62, Астана қ., Қазақстан; e-mail: gulzhan_79@mail.ru; <http://orcid.org/0000-0001-6799-0502>

Information about author:

Utibayeva Gulzhan Begendykovna - The main author; Candidate of Economic Sciences; Associate Professor; Associate Professor of the Department of Accounting and Finance; S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University; 010011 Zhenis Ave., 62, Astana, Kazakhstan; e-mail: gulzhan_79@mail.ru; <http://orcid.org/0000-0001-6799-0502>

Информация об авторе:

Утибаева Гүлжан Бегендіқызы - основной автор; кандидат экономических наук; ассоциированный профессор; ассоциированный профессор кафедры «Учет и финансы»; Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина; 010011 пр. Победы, 62, г. Астана, Казахстан; e-mail: gulzhan_79@mail.ru; <http://orcid.org/0000-0001-6799-0502>